


**БЕКІТЕМІН»**  
 «Айгөлек» бебекжайының  
 басшысы  
  
А.М.Демесинова  
31 08 2021 ж.

**«Айгөлек» бебекжайы МҚҚК –ның 2021-2022 жылына  
 «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру бойынша жоспары**

P/c	Тақырыбы	Жұмыс түрі	Уақыты
I	«Тіл-халық қазынасы»	сайыс	Қыркүйек
II	«Менің сүйікті ата-әжем».	Сурет көрмесі	Қазан
III	«Ертегі оқу-менің хоббиім» қазақ ертегі	кітаптарын жасау	Қараша
IV	«Тұған жер, сені жақсы көремін!»	Акция	Желтоқсан
V	«Дала бикесі»	Камшат Дөненбаева туралы сұхбат	қантар
VI	«Біз кітапханаға келдік»	Сұхбат	ақпан
VII	«Ұрпақ ұлттық ойынмен шындалады»	Спорттық ойындар	наурыз
VIII	«Бөлме өсімдіктері».	AҰОҚ қорытынды.	сәуір
IX	«Қош бол, балабақша!»	ертеңгілік	мамыр

**«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім белімі «Айғолек» бебекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.**



**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру  
бойынша жұмыс жоспары**

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім  
бөлімі «Айғөлек» бебекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.



Сұхбат

## «Дала бикесі»

(«Бәйтерек» ересек тобында өткен Камшат Дөненбаева туралы сұхбат)

Дайындаған:  
Тәрбиешілер  
А.С.Аюпова,  
С.М.Бектасова

Камшат Байгазықызы Дөненбаева - ауыл шаруашылығын дамытуға үлес қосқан атақты механизатор, тың игеруші, еңбек ардагері, қоғам қайраткері. Социалистік Еңбек Ері (1975). КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері (1976). Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы.



Қазақстанда тың және тыңайған жерлердің игерілуіне байланысты өткен ғасырдың 60- жылдары елде жаппай механизаторлар дайындау науқаны басталады. Кәмшат апа келін боп түскен Ақсат ауылында да тракторшылар курсы ашылады. Сол курста Кәмшат апа пен сол ауылдың қызы Құндызай оқып шығады. Архив материалдары анықтағандай, ол 1966 жылы алғаш рет жоспарды екі есе орындал, «МТЗ-5» тракторының алдына жалауша ілген еken. Ол кезде ерлермен қатар трактор руліне отырған қазақ қызы жоқтың қасы ғой. Бір күн жұмыстан қалмайтын, көрсеткішін ай сайын жақалап отыратын Кәмшат апа партияның да, басшылардың да назарына ілінеді. Өзгелерге үлгі етіп ұсынуға түсі де, ісі де келіп тұрған Кәмшаттың аты газет-журнал, радио арқылы қазақ даласына желдей есіп жүре береді. 1977 жылы Кәмшат Дөненбаева «Қызы-келіншектер, трактор руліне отырайық!» деген үндеу тастайды. Ол осылай бүкіл елдегі механизатор қыздардың көшін бастады. Еңбекте де, өмірде де ысылды. Талай рет республикалық, одақтық жарыстарда алдына жан салмады. Социалистік Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. Қандай атақ алса да, өзінің мандай тери болатын.

Кәмшат апа даңққа тоқмейілсіп, көкірек керіп, жүртқа жоғарыдан қараған жан емес. Алайда керек жерінде батыл мінезімен өз пікірін басшыға да, басқаға да тыңдата билетін.



– 70-жылдары Ленинградтағы Киров трактор зауытының бір тракторы біздің шаруашылықта сынақтан өтіп жатқан, оны Кәмшат жүргізетін. Көктемде дән сеуіп жатқан кезде әлгі трактор сынып қалды. Оны жөндей алмадық, облысқа да айттық. Ал уақыт сусып кетіп бара жатыр. Бір күні Кәмшат Байғазықзы келді де, «Анатолий Николаевич, зауытқа телефон соғамыз» деді. Мен таңғалып бетіне қарадым, ол кезде ауылдағыларға Қостанаймен хабарласу оңай емес қой. Ол сонау Ленинградқа телефон соғып, зауыттың бас құрастырушысы Поповты тауып алғып, жағдайды айтты. Ол кісі екі сезге келмesten, «ертең біздің мамандар сіздің шаруашылықта болады» деді. Айтқаныңдай, ертеңіне таңертең сағат таңғы 06:00-де ленинградтық бір топ маман біздің кеңсенің алдында тұрды ғой. Айтпақшы, ленинградтық мамандар «К-700» тракторын жетілдіре түскенде Кәмшаттың ескертүі мен ұсыныстарын қаперге алғанын екінің бірі біле де бермес. Сондай еді ғой, біздің Кәмшат! – дейді шаруашылықтың инженері болған, Кәмшат апамен бірге жұмыс істеген Анатолий Шабанов.

Жүзінен нұр төгілгендей риясыз жымиып тұратын Кәмшат апанаң әділеттілік сүрінген шақтарда, қисынсыз нәрсеге көнілі толмағанда бет қаратпайтын өр мінезі де болатын. Бірде облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Николай Князев Мендігара ауданының шаруашылықтарын аралайды. Сапар бағдарламасында Кәмшат Дөненбаевамен де кездесу бар екен. «Харьков» кеңшарының директоры Сайран Бұқанов «Кәмшат тракторымен Князев келетін 3-ші бөлімшениң алқабына барып, жұмыс істеп жүрсін» деген аудан басшылығының сәлемін жеткізеді.

– Сонда Кәмшат Байғазықзы: «Сендердің осы көзбояушылықтарыңнан шаршадым. Ешқайда да бармаймын, жұмысты өз алқабымда істеймін» деп, тіке қайтарып тастанады. Мен қайтып бата алмадым, – дейді Қазақстанның Еңбек Ері Сайран Бәлкенұлы.

Кәмшат апанаң көзі тірісінде: «Жоспар бар ғой, соны орындай алмай қаламын ба деп жанталасып жүремін. Жер жыртқан кезде кешке келіп, сиырымды сауып, балалардың тамағын беріп, жатқызған сон, айдың жарығы-

мен біршама жұмыс істеп келетін едім. Қанша дегенмен, әйел адам ғой, қорқады, трактор тұрып қалады дей ме, Темірбек артымнан алқапқа келуші еді. Шаршамайтыны қайда, шаршаймын. Бір үйқы арман болып жүретін. Бірде жұмыстан келе жатқанда рульде отырып қалғып кетіппін, соқаны көтеруді ұмыттыпсын, ауылға кіргенше соқа жерді сыйып келген ғой» деп күліп алғаны бар еді апайдың. Кәмшат апа төрт перзенті Сырым мен Асқарды, Гүлжан мен Гүлшатты еңбекке баулыды, нәпакасын адал табуга тәрбиеледі.

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім белімі «Айғөлек» бебекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.



Сұхбат:

## «Біз кітапханаға келдік»

Дайындаған: Тәрбиешілер  
С.М.Бектасова, А.С.Аюпова

**Мақсаты:** балалардың кітапхана, ондағы қызметкерлер туралы білімдерін бекіту. Кітапты сақтауға үйрету, қоғамдық орындарда өз-өзін ұстауға тәрбиелеу.

**Сұхбат мазмұны:** Экскурсиядан кейін белгілі бір уақыттан кейін өтетін әңгіме келесі сұрақтарды қамтиды:

- Оқу үшін кітапты қайдан алуға болады?
- Кітапханадан оқу үшін тағы не алуға болады?
- Кітапханада кітаптарды қалай орналастыруға болады?
- Онда кімдер жұмыс істейді?
- Кітапханашы не істейді? (кітаптарды жинаиды, кітаптарды қабылдайды және береді, жаңа кітаптардан көрмелер үйымдастырады.)
- Кітапханадан кімдер кітап алады?
- \* Кітапханада кітап алатын адамдар қалай аталады?
- \* Оқырман кітапты қалай ұстауы керек?
- \* Кітапханадағы адамдар өздерін қалай ұстауы керек?
- \* Ескі кітаптарды жөндеуге бола ма және оны қалай жасауға болады?

Кітапханаға экскурсияға барап алдында біз балалармен «Кітапхана» ойынын ойнадық, кітапхана туралы суреттерді оқып, қарастырдық, кітапты ұзақ өмір сүру және балаларды қуанту, жаңа және қызықты нәрселерді үйрету үшін кітапты пайдалану ережелерін еске түсірдік және бәрі жаңа кітапты оқығысы келді. Сондай-ақ, біз жол ережесін қайталадық, өйткені жолды жаяу жүргіншілер өткелінен өтуге тұра келді. Бізді балалардың ата-аналары еріп жүрді, біз жұптасып, жолға шықтық. Екі жалаушаны балалар бағанның басында және сонында мақтанышпен алып жүрді. Біз кітапханаға келгенде, естелік суретке түсіп, гимараттың ішіне кірдік. Бізді мекеменің иесі қарсы алды, бөлекtenіп, содан кейін оқу залына барып, туған ауылы туралы презентация дайындауды. Балалармен ойнап, жұмбақтар шешіп, ауылымыздың көрікті жерлері туралы сұрақтар қойды. Балалар риза болды, барлығы оған өте ұнады, енді олар кітаптардың қайда тұратынын біледі және көпшілігі ата-аналарымен бірге кітапханаға жазылды.



## «Біз кітапханаға келдік» экскурсиясына АНЫҚТАМА

Тасқала орталықтандырылған кітапхана жүйесінің Мерей ауылдық кітапханасы мен «Айгөлек бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны тәрбиешілерінің біріккен жұмыстарының арқасында кітапханада «Біз кітапханаға келдік» тақырыбында мақсаты саяхат үйымдастырылды. Кітапханашы Айгүл Темірханқызы кітапхана ішіне экскурсия өткізді. «Көрмеге кітап –мәңгілік қазына», «Тарихи сананы-жанғырту» кітаптары ұсынылды. Көрмені тамашалауға бөбекжайдың ересек топ тәрбиеленушілері қатысып, суреттерді тамашалады.

Көрмені тамашалаған балалардың қуанышында шек болмады. Балалармен «Кітапхана» ойынын ойнадық, кітапхана туралы суреттерді оқып, қарастырдық, кітапты ұзақ өмір сұру және балаларды қуанту, жаңа және қызықты нәрселерді үйрету үшін кітапты пайдалану ережелерін еске түсірдік. Мерей ауылдық кітапханашы Айгүл Темірханқызы балаларға кітаптың бала өміріне маңыздылығын айтты. «Кітап –ол рухани досымыз», «Кітап –білім бұлағы, білім-өмір шырағы» деп бекер айтылмаған. Бұл мақалдың мағынасы өте терендे екен. Кітапханадан кез-келген кітапты табуға болады. Кітаптар ертегілер, әңгімелер т.б. болып бөлінеді. Ертегі кітаптарына қысқаша тоқталды. Ертегі кітаптарын ашып қарап, ертегі кейіпкерлерінің аттарын атады. Балалар өте қызығушылық танытты.

Әдіскер



/ Г.К. Тастемирова/

**"Айгөлек" бөбекжайы**

**"Бәйтерек" ересек тобында  
ұйымдастырылған оқу қызметінің  
тақырыбы:**

***"Бөлме  
өсімдіктері***

**Откізген тәрбиеші:  
Бектасова С.М.**

**2021 - 2022 оқу жылы**

**Білім беру саласы: Таным**

**Бөлімі: Жаратылыстану**

**Тақырыбы: "Бөлме өсімдіктері"**

**Мақсаты:** Балалар өсімдіктердің тіршілігімен танысады. Бақша гүлдері, бөлме гүлдері, дала гүлдерінің түрлерімен танысып, олардың құрылышымен біледі. Зерттеу жұмысын жасайды, балалар гүлдің тамыры арқылы демалатынын ұғынады. Гүлдер туралы тақпақтар айтқызу арқылы ойлау қабілеттерін дамытады және оларды күтіп, баптауға, ұйымшылдыққа тәрбиеленеді.

**Көрnekілік:** Бөлме гүлдері, гүлдердің суреті, магнит тақтасы, слайд, зерттеу жұмысына арналған құралдар т.б.

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтің қызметі	Баланың қызметі
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Сәлеметсіздерме!</li> <li>- Здравствуйте!</li> <li>- Hello!</li> </ul> <p>Шенбек болып тұрайық Алақанды ашайық Күннің нұрын салайық Мейірімділік жиналған жылы шуақты қонақтарға шашайық</p>	<p>Шаттық шенберіне тұрып қайталайды Гүл шоқтарын шашады</p>
<b>Үйымдастыру-шылық- ізденістік</b>	<p>- Балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр, барлығыңыз мұқияттыңдаңыздар</p> <p>1. Адамдардың бәрі қызығады</p> <p>Ұстай берсең сәні бұзылады (гүл)</p> <p>2. Құлпырса қадірлейді, аялайды</p> <p>Кураса сипырғышқа жарамайды (гүл)</p> <p>-Балалар бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы «Өсімдіктер әлемі».</p> <p>Слаидпен жұмыс.</p> <p>- Балалар қарандаршы қандай әдемі гүлдер?</p> <p>- Бұл гүлдер сендерге таныс па?</p> <p>- Қандай гүлдерді көріп тұрмыз?</p> <p>- Жарайсындар балалар.</p> <p>Гүл дегеніміз-өсімдік, олар өмір сәні, табиғат көркі. Гүлдер терезенің алдында сән беріп қана қоймайды, бөлменің ауасын тазартады, адамға жақсы көніл-күй сыйлайды. Гүлдер өте әдемі, нәзік және хош иісті.</p> <p>-Гүлдер өсіп тұрган жерде біз өзімізді қуанышты сезінеміз, көніліміз көтеріңкі болады. Олардың көптеген түрлері болады, түстері де әртүрлі болады.</p> <p>-Гүлдер тірі табиғатқа жатады. Олар тамыры арқылы қоректенеді. Гүлдерді өсіру үшін топырак, күннің көзі, су қажет. Гүлдер уш топқа бөлінеді.</p> <p>Дала гүлдері</p> <p>Бөлме гүлдері</p> <p>Емдік гүлдер</p> <p>«Дала гүлдері» бәйшешек, қызғалдақ, раушан, бақбақ. Бұл гүлдер көктемде, жазда өседі. Көктем мезгілінде ең алғаш шығатын гүл- бәйшешек гүлі. Бәйшешек гүлі қар еріген кезде шығады.</p> <p>«Бөлме гүлдері» қазтамақ, әйел бақыты,</p>	<p>Жұмбақты мұқияттыңдаңайды Шешуін табады</p> <p>Балалар слайдқа назар аударады.</p> <p>Иә, таныс Бөлме гүлдері, дала гүлдері, емдік гүлдер т.б.</p> <p>Балалар мұқияттыңдаңап отырады.</p>

	<p>фиялка, райхан. Бөлме гүлдерін де адамдар арнағы тубекке әдемілікке, таза ауа үшін отырғызады. Балалар гүлдерді жұлуға немесе үзуге болмайды. Оларды баптап, күтіп, суарып отыруымыз керек.</p> <p>«Емдік ғүлдері» Алоә, адыраспан, түймедак, қалампыр.</p> <p>Гүлдердің емдік қасиеттері де бар, олардан түрлі – түсті жақпа майлар, құнделікті сусабын, этір жасауға болады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?</li> <li>- Дала күн қандай?</li> <li>- Суықта гүлдер өседі ме?</li> </ul> <p>- Эрине өспейді. Гүлдер тек жылы кезде өседі. Мысалы: жаз, көктем айларында.</p> <p>Балалар гүлдер тағы да қайда өсуі мүмкін? Дұрыс. Бөлмеде өсетін гүлдерді бөлме гүлдері деп атаямыз.</p> <p><b>Билингвальды компонент:</b> Гүлдер - цветы, бөлме гүлдері - комнатные растения,</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар гүлдер туралы өлең жолдарын білесіндер ме?</li> </ul> <p><b>(Тел хат келеді)</b></p> <p>Балалар, менің телефоныма хат келген сияқты, ашып оқыын кімнен екенін.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-<b>Гүлдер әлемінен қыздар хат жіберген екен</b></li> <li>-<b>Мен сөндерге оқып берейін (тәрбиеші оқиды)</b></li> <li>-<b>Күрметті балалар! Біз сөндерден көмек сұрагалы отырмыз. Гүлдер әлеміндегі гүлдер қурап, солып қалыпты. Бізге гүлдерді қалай күтіп баптау керектігін көрсетесіндер ме? депті</b></li> <li>-<b>Ендеше балалар қыздарға көмек береміз бе? олай болса "Гүлдер әлеміне" саяхатқа барғыларың келе ме?</b></li> <li>-<b>Олай болса балалар, кәне ауамен киінеміз, мен сіздерге гүлдер әлеміне барудың оңай жолын айтайын, әуе шармен барайық, себебі жылдам барамыз, әрі аспаннан бәрін бақылап таза ауа жұтып барамыз.</b></li> </ul> <p><b>(Жаймен әуе шарға балалармен отырамыз)</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-<b>Міне, гүлдер әлеміне де келдік.</b></li> <li>-<b>Қарандаршы қандай әдемі гүлдер?</b></li> <li>-<b>балалар біз гүлдердің қандай түрлерін білеміз?</b></li> <li>- ал, балалар гүлдердің қалай қоректеніп, қалай демалатынын білеміз бе біз?</li> </ul> <p>Бүгінгі оқу қызыметімізде гүлдерді көшет арқылы отырғызууды және оларды қалай күтіп баптау керектігін көрсетеміз, сонымен қатар гүлдердердің тамыры арқылы демалатынына біз зерттеу жұмысын көрсетеміз.</p> <p><b>Пәннен мағынан:</b></p>	
		<p>Казір жылдың қыс мезгілі Дала өте суық Өспейді</p>
		<p>- бөлмеде өседі</p>
		<p><b>Ернияз:</b> Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер Қызыл гүлдер, көк гүлдер Өсе берші нұрланып Өсе берші ыргалып <b>Бекжан:</b> Гүл өсірсөң терлеп Мұның аты - еңбек Кесте тіксөң зерлеп Мұның аты – еңбек <b>Айсезім:</b> Гүлім, гүлім, өсе бер Әдемі бол, асыл бол Құндей жайнап кете бер Қызыл, жасыл, сары бол</p>
		<p>Ия, барамыз, көмектесеміз.</p>
		<p>Балалар З топқа бөлініп отырады.</p>

	<p>Бүгін біздер 3 топқа бөлінеміз.</p> <p><b>1 топ.</b> Гүлдерді көшет арқылы отырғызылуын көрсетеді.</p> <p><b>2 топ.</b> Гүлдерді қалай баптау керектігін көрсетеміз. Яғни кішкентай жапырақты ғүлдерді және ұлken жапырақты ғүлдерді қалай тазалау керектігін көрсетеміз.</p> <p><b>3 топ.</b> Гүлдердің тамыры арқылы демалатынына зерттеу жұмысын көрсетеміз.</p> <p><b>Жарайсындар балалар!</b></p> <p><i>Sergitу сәті:</i></p> <p>Гүл өсірем үйде Су құямын гүлге Гүл күткенді біледі Бойын сылап күледі Күнде гүлін ашады Жұпарын бізге шашады</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар бір сергіп алдық па?</li> <li>Олай болса әуе шарымызға отырып, тобымызға қайтайық.</li> </ul> <p>(Әуе шарға отырып, топқа келеді, ауамен киімдерін шешу)</p> <p><b>Ойын: "Досыңа гүл сыйла"</b></p> <p><b>Шарты:</b> Өз қолдарымен қағаздан гүл жасап, достарына сыйлайды.</p>	<p>Балалар практикалық жұмыс көрсетеді</p> <p>Қолдарын жоғары көтереді Қолымен су құяды Тербеледі</p> <p>Қолдарымен желпейді</p>
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	<p><b>Корытындылау:</b></p> <p>Балалар біз бүгін қандай ғүлдердің түрлерімен таныстық?</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Біздер қайда бардық?</li> <li>- Ғүлдер әлемінде қандай жұмыстар жасадық?</li> <li>- Ғүлдердің қандай пайдасы бар?</li> <li>- Бүгінгі оку қызметі үнады ма?</li> </ul> <p>Олай болса балалар бүгін үш топта өте жақсы жұмыс жасады. Ғүлдерді аялайық, қорғайық, ғүлдер өте нәзік келеді.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ендеше балалар бүгінгі қызметіміз аяқталды</li> <li>- Сая болыңыздар!</li> <li>- Досвидания!</li> <li>- Good bye!</li> </ul>	<p>Дала ғүлдері, бөлме ғүлдері, емдік ғүлдер</p> <p>Ғүлдер әлеміне бардық</p> <p>Ғүлдерді қалай күтіп баптау керектегін үйрептік</p> <p>Ғүлдерді қалай отырғызу керектігін үйрептік</p> <p>Гүл ауаны тазартады</p> <p>Иә үнады</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** Бөлме ғүлдері мен дала ғүлдерін ажыратады;

**Қандай түсініктерді итерді:** Бөлме ғүлдерінің пайдасы және оларды күтіп баптауды;

**Менгерген дағдылары мен іскерліктері:** Сұрактарға жауап беріп, тапсырмаларды орындалап, ғүлдерді зерттеуді менгерді.

**Тәрбиеші: Бектасова С.М**

**Ашық ҰОҚ нәтижесін талдау хаттамасы**  
**№5**

Уақыты: 08.12.2021 ж

Қатысты: 9 тәрбиеші

Әдіскер: Г.К. Тастемирова

**Күн тәртібінде:**

1. «Таным» білім беру саласының «Жаратылыстану» бөлімі бойынша «Бөлме өсімдіктері» атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметін тамашалау.

Откізген: С.М.Бектасова

2. Көрген іс-әрекетті талдау.

Әдіскер Г.К. Тастемирова

**СӨЙЛЕДІ:**

Бебекжай әдіскері Тастемирова Гулсара Куспановна педагогтарды тамашалайтын ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбымен, мақсатымен таныстырып, ашық қарауға қатысып отырған педагогтарға ұйымдастырылған оқу қызметі өз дәрежесінде өтіл, сіздер келешекте өз жұмыстарыныңға үлгі ретінде қолданады деген сенімдемін, - деді.

Екінші бөлімінде тәрбиешілер көрген іс-әрекетті талдады:

**ТЫНДАЛДЫ:**

**1. Темиргалиева Люция Айтжановна:** Көрген оқу қызметі маған ете ұнады. Көрнекіліктегі эстетикалық талғамға сай, әр түрлі және оларды орынды пайдалана білді. Балалар өсімдіктердің тіршілігімен танысты.

Әдіс-тәсілдердің түрлері сұрақ-жауап, дыбыстық талдау, жұмбақтар шешу, дидактикалық ойындар болды, сол арқылы балаларды белсендіре білді. Сәуле Мусақызы өзінің ұстаздық еңбек жолында өзін жан-жақты көрсете біletін білікті педагог, бүгінгі оқу қызметінде тәрбиеленушілері қызығушылықпен қатысып, сұрақтарға жауап беріп отырды.

**2. Джанаева Данагул Максотовна:** Әдіс-тәсілдер оқу қызметінің мазмұнына сай қолданылған. Балалар өсімдіктердің бақша гүлдері, бөлме гүлдері дағала гүлдерінің түрлерімен танысып, олардың құрылышын білді. Көрнекіліктегі эстетикалық талғамға сай. Балалардың жауаптары нақты әрі түсінікті болды. Жауап қайтара алмаған балаларға жетекші сұрақтар қойып, толықтырып отырды.

**3. Каналиева Гаухар Кадыржановна:** Балалардың коммуникативтік дағдылары қалыптасқан. Гүлдер туралы тақпактарды анық айтқызу арқылы ойлау қабілеттері жақсы дамыған. Сәуле Мусақызы қойған мақсаттарына іскерлікпен жете білді. Балалар мен педагогтың арасындағы өзара байланысы ете тиімді әрі тәрбиелік мәні болды. Балалардың іс-әрекеттері,

орындаған тапсырмасы сез арқылы жетік жеткізілді. Балалардың қызығушылығы жоғары, білім деңгейі талапқа сай.

**Тұжырымдама:** Ұйымдастырылған оқу қызметінің мазмұны, балалардың жас шамасына сәйкес. Тәрбиешінің оқу қызметіне дайындығы, керекті оқу құралдарын, дидактикалық ойындарды, тапсырмаларды тиімді пайдалануы, іс-әрекеттің жалпы құрылымы бағдарламалық талаптарына сай құрылған.

**Ұсыныс:** Осы жұмыстарды әрі қарай дамыту және жетілдіру, балалардың танымдық қызығушылығы мен білуге құштарлығын, ізденіс әрекеті арқылы қанағаттандыру жұмыстарын нығайту;

- сейлеуге қызығушылығын қалыптастыру және оны жетілдіру үшін педагогикалық және психологиялық шараларды әрі қарай жүргізу;
- ойлау және сейлеу іс-әрекеттерінің белсенділігін арттыру үшін әр түрлі нәтижелі әдістер мен тәсілдерді қолдану.

Әдіскер

Г.К.Тастемирова

**«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім белімі «Айғөлек» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.**



**Акция  
«Тұған жер, сені жақсы көремін!»**

Дайындаған:  
Тәрбиешілер С.М.Бектасова,  
А.С.Аюпова

**Мақсаты:** балаларды жерімізді қорғауға деген ұмтылысқа тәрбиелеу. Табиғаттағы мінез-құлыштың экологиялық мәдениетінің принциптерін қалыптастыруды жалғастыру. Балаларды саналы түрде табиғатқа дұрыс көзқарасқа тәрбиелеу. Жер планетасы – бұл біздің үйіміз деген балалардың идеяларын терендешту. Адам мен табиғаттың өзара байланысы туралы идеяларды көңейту. Мүмкін болатын «кігі істерді» орындауга ықпал ету. Тәрбиеленушілердің ата-аналарын білім беру процесіне қатысуға тарту. Мектепке дейінгі білім берудегі балалардың экологиялық тәрбиесі туралы ата-аналардың идеяларын көңейту.

### **Акцияның жоспары:**

#### **1. Экологиялық бақылаулар.**

Мақсаты: табиғаттағы экологиялық мәдениеттің басталуын тәрбиелеу. Өсімдіктер туралы идеяларды тірі организмдер ретінде қалыптастыру, табиғатта бар қатынастарды көрсету. Өмірдің әртүрлі кезеңдерінде және жыл мезгілдерінде өсімдіктердің сұлұлығын эмоционалды және көркемдік қабылдауды дамыту. Сөйлеу процестерін дамыту.

#### **2. Экологиялық экскурсия-балабақша аумағы бойынша экспедиция.**

Мақсаты: балаларды қоршаган органды табиғатына саналы түрде дұрыс қарауға тәрбиелеу. Табиғаттағы оқиғаларға эмоционалды және сезімтал жауап беру. Қойылған сұрақтарға жауап табуға, хабардарлық деңгейін арттыруға, бақылау қабілетін қалыптастыруға, табиғат туралы кітап «окуга», айналады табиғи жағдайлар, жер бедері, экологиялық жағдай, жануарлар мен өсімдіктердің болуы туралы түсініктерді көңейтуге үйрету. Балалардың сөздік қорын көңейту.

#### **3. «Газа ауыл» кітапшасын дайындау.**

Мақсаты: балаларды туған қаласына деген сүйіспеншілік, патриоттық сезімге тәрбиелеу. Экологиялық мәдениеттің бастауларын қалыптастыру. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын қалыптастыру. Ұсақ моториканы дамыту.

#### **4. «Тұған жер» экологиялық көрмесі.**

Мақсаты: балалар мен ата-аналарда экологиялық сананы қалыптастыру. Топар тұрғындары қандай экологиялық жағдайда өмір сүретіні туралы түсінік беру. Адам мен табиғаттың өзара әрекеттесуінің нәтижелерін көрсету (оң және теріс). Ата-аналарды қоршаган органды қорғау мәселелерінде ағарту.

#### **5. Ауладағы еңбек «Біз балабақша участкесін таза экология бұрышына айналдырамыз».**

(Балабақша қызметкерлерінің, ата-аналар мен балалардың бірлескен сенбілігі). Мақсаты: балабақша аумағын тазарту және абаттандыру. Балаларда табиғи және жасанды табиғи ландшафттарға оң көзқарас қалыптастыру және ластанған жерлерге теріс көзқарас қалыптастыру. Балалардың ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, табиғатқа ұқыпты қарауды қалыптастыруды ересектердің еңбек белсенділігінің мысалын қолдану. Тәрбиешілердің, балалардың, ата-аналардың жұмысы процесінде бірлескен қарым-қатынастан эмоционалды көңіл-күй мен жайлылық жасау.

#### **7. Ата-аналарға сауалнама**

#### **8. «Жер күні» театрландырылған қойылымы**

Мақсаты: экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру, табиғатта адамгершілік мінез-құлышты қалыптастыру. Адам мен табиғаттың өзара әрекеттесуі туралы идеяны бекіту. Өлеңді мәнерлеп оку қабілетін қалыптастыру.

#### **Барысы:**

Тәрбиеші: - залдың әдемі, талғампаз екенін қарандаршы, біреу мерекеге дайындалып жатқан сияқты. (Бұл уақытта залға хат келеді)

Тәрбиеші: - бір қызығы, бұл қандай хат екен? Оны ашайық!

(Біз хатты ашамыз, ол дыбыстар шығарады, курсінеді, жылайды).

Сәлеметсіндер ме, балалар! Мен – Жермін! Мен қындықтамын! Мен адам жасаған барлық жамандықты түзете алмаймын. Мен құрып бара жатқан жануарлар мен құстарды құтқара алмаймын, түтін мен ауаны тазалай алмаймын...

Адамдар күшті бола бастады...  
Жер тағдыры олардың қолында.  
Қорқынышты өрттер ауаны жалмап,  
Айнала қара тұманға айналды.

Біз планетаны қорғаймыз,  
Жаңа ғасыр қадымдаш келеді.  
Жер бетінде ақ нүктелер қалмады,  
Қара....  
Кетіре алады ма адамдар.

(Тыныштық орнайды)

Тәрбиеші: - Біз адам – табиғат патшасы дейміз. Табиғаты жоқ адам нені білдіреді? Ауасыз, сусыз, жерсіз бе? Мұның бәрін табиғат бізге жомарттықпен береді және оның орнына өзіне жақсы қарым-қатынасты сұрайды.

### Дәүітәлі Стамбекұлы (Глобус)

Глобусты алғаш көргенде,  
Балалар оны қоршады.  
Біреуі ұстай бергенде  
Айналып кетті «жер шары».  
Ормандар,  
Сулар,  
Далалар,  
Үстінде сан мың қала бар.  
Өздері тұрған әлемді  
Көзімен көрді балалар.

Кекжиектерді көлбеген,  
Сахараларды шөлдеген,  
Мұхиттар мен тауларды  
Сипалап көрді қолменен.

Кішкене менің достарым,  
Дүнинені көріл шап-шағын.  
Тек үнсіз ғана таңданып,  
Шайқап бір қойды бастарын.

Балалар қандай саналы,  
Құрылыштан құйттай жаңағы  
Жабылып енді іздеді  
Өздері тұған қаланы.

Осынау құйттай тірлікте  
Іздеген кезде күндікке.  
Көздеріне әрен ілікті  
Алматы деген бір нүкте.

Маңайы тау мен далалар,  
Өзені,  
Суы және бар.  
Өздері тұрған нүктені  
Сипады қолмен балалар.

(Музыка әуенімен өзге планеталықтар кіреді)

**Өзге планеталық:** - Сәлеметсіңдер ме! Мен өзге планетаданмын. Мен Күн жүйесінің ең әдемі планетасына үшіп кеттім, бірақ сендер кімсіңдер?

**Балалар:** - біз жердеміз! Бізде бүгін жер мерекесі!

**Өзге планеталық:** - бұл жер планетасы ма? Соңдықтан мен баратын жерге жеттім, сендер мұнда әдемі жасайсындар. Сендер маған жер және мереке туралы көбірек айтып беріңдер.

**Тәрбиеші:** - біздің планета туралы көптеген жылы сөздер айтуда болады. Халықта айтады: «Ешкім оны тұған жоқ, ал оны барлыға Жер-Ана деп атайды». Жер – бұл адам иесі болатын барлық адамдар үшін ортақ үй. Иесі мейірімді және барлық тіршілік иелеріне қамқорлық жасауы керек.

**Өзге планеталық:** - қамқорлық дегеніміз не?

**Балалар:** - балықтар, құстар мен жануарлар бізден көмек сұрағандай:

«Адамдар, жерді өлтірмендер,

Балықсыз теңіздерге не болады.

Құстарсыз аспанға не болады.

Аңдарсыз жер-Жер емес,

Бізге жерсіз болмайды.

**Өзге планеталық:** - мен енді түсіндім! Ал біздің планетада, жер бетінде қандай жақсы және мейірімді адамдар өмір сүретінін мен бәріне айтамын.

(Көнілді, қуанышты музыка естіледі)

**Өзге планеталық:** (қорқынышты) - бұл не? Не болды?

**Тәрбиеші:** - қорықпа, бұл күз ханшайымы бізге қонаққа келеді. О, мен не айтамын? Сен Күз Ханшайымы туралы білмейтін де шығарың? Мұны қалай түсіндіруге болады?

**Балалар:** - Біз көнілді және қуанышты ән айтамыз, сонда сендер бәрін түсінесіндер.

(«Күз» әні. Күз Ханшайымы келіп, барлық жерге жапырақтар қояды)

**Балалар:** (күздің әрекеттері туралы айтады)

- Енді түсіндім, Біздің планетада, Жер бетінде жақсы, мейірімді адамдар тұратынын айтамын.

Қарашы күз келді, күз келді

Жапырақ жауыпты іздерді.

Құс біткен керуен тізеді,

Қара бұлт қабағын түйеді.

**Өзге планеталық:** - Қандай әдемі! Мен мына жапырақтарды жұлып өз планетама алып барсам бола ма?!

**Күз Ханшайымы:**

Жапырақтарды мен жұлсам,

Жапырақтарды сен жұлсан.

Егер барлық адам жұлса,

Жапырақтар қалмайды, әдемілік болмайды.

(Қыздар жапырақтарды алып залға жүгіріп шығады)

**Би. Жапырақтар би!**

**Күз Ханшайымы:** (өзге планеталық) – Әдемі ме?! Мұның барлығын жұлуға болмайды, бұл әдемілікті сактау керек. Мен саған басқа сыйлық беремін – бұл тұқымдар, сен оларды жерге егіп, егістіктердің сұымен отыргызасың, сосын тұған алқаптардың сұлупалығына қарап отырасың! (тұқымды береді) маған уақыт келді, біз жерді жазға дайындауымыз керек!

(Қоқыс Ханшайымы шығады)

**Қоқыс Ханшайымы:** - Барлық жерде қоқыс пен кір болған кезде, мен сендерді жақсы көремін! Маған адамдар қарандар-сендер мені ойладап таптындар. Бұл үшін алғыс ретінде Мен әрқашан планетада өмір сүремін! Енді Мен осында барамын, Мен сендерге қараймын. Мен сендерге адамдар: «қоқыс ұзақ өмір сүрсін және ол әрқашан болсын!» деп айтқым келеді.

**Тәрбиеші:** - Егер жер бетінде қоқыс қалдықтары өмір сүретін болса, коркынышты. Тек мұнан қалай құтылуға болады?

**Балалар:** Әдемілік-әлемді қорғайды. Келіндер, бұл Қоқыс аймағын пайдалы және әдемі заттарға айналдырайық.

(Балалар Қоқыс ханшайымымен билейді)

**Слайд көрсету:** «*Кіріс және шығыс*» байқауы

**Тәрбиеші:** - Осындай керек емес заттардан қызықты заттар жасауға болады.

**Өзге планеталық:** - Енді мен жерді не үшін сүю керек екенін білемін. Сендер маган көп нәрсені түсіндірдіңдер. Сендерге рахмет! (кетеді).

**Тәрбиеші:**

Табиғатты қорғау үшін бәріміз,

Күресейік, бір - бір ағаш егейік.

Текке отырмай, жасымыз бен кәріміз,

Таза ауа үшін терімізді төгейік.

**Сүйейік табиғатты аялайық,**

**Біз одан жақсылықты аямайық.**

**Анадай табиғаттың аясында,**

**Жадырап жас балаша дем алайық!**

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім белімі «Айғөлек» бебекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.



## «Ұрпақ ұлттық ойынмен шындалады».

(Спорттық ойындар сайысы)

Дайындаған: Л.М.Бисембеева

Музыка жетекшісі

Тәрбиешілер:

А.С.Аюпова,

С.М.Бектасова

2021-2022 оқу жылы

## **Ұрпақ ұлттық ойынмен шындалады.**

**Мақсаты:** Балаларға қуаныш әкелу. Ұлттық, түрмис салт-дәстүр туралы әсерлерін толықтыру. Ептілікті, шапшандықты, төзімділікті дамыту. Ұжым мақсат әрекетіне бағыну дағдысын, назар ықыласын дамыту. Бір-біріне деген құрмет, женуге деген ұмтылышты дамыту. Ой-өрісін, жадын дамытып, әрекет үйлесімін жетілдіру.

**Міндеті:** қажетті дene қозғалыс дағдыларын, танымдық дene қозғалыс белсенділігін арттыру.

**Қажетті құралдар:** Арқан, асық, теңге, резина, қоржын, майда доптар.

### **I. Қіріспе бөлім.**

**Тәрбиеші:** Құрметті әріптестер! Бүгінгі «Ұрпақ ұлттық ойынмен шындалады» атты спорттық ойындар жарысына қош келдіңіздер! «Балауса» тобын ортаға шақырайық.

Қаражорға әуенімен балалар ортаға шығады.

Балаларды сапқа тұрғызу. Сәлемдесу.

Гимнастикалық онға, солға бұрылу жаттығулары.

Баяу бір қалышты қатар бұзбай жүру, жүгіру.

Ентік басу жаттығулары.

Қатарда жүріп орындалатын гимнастикалық жаттығулар.

Балалар екі топқа белінеді.

**Жануарлар аэробикасы:** (ағылшын тілі пәнінің жетекшісімен орындалады)

### **II. Негізгі бөлім**

Топ басшылары өздерінің топтарын таныстырысын. Топ басшыларына сез берейік.

**I-топ.** «Тұлпар» тобының басшысы мен- Бақытқали Риза

**«Тұлпар» тобының ұраны**

Қатар өскен құрдасқа,

Жарыс ұнап тұрмас па!

Күйп жету жақсы гой

Озып шығу бір басқа.

**II-топ.** «Қыран» тобының басшысы мен- Распаев Ернияз

**«Қыран» тобының ұраны:**

Босқа қарап тұрмайық,

Бағымызды сыйнайық

Намысты қолдан бермейік,

Жарысты озып шығайық.

**Тәрбиеші:** балалар сендерге сәттілік тілей отырып, жарысымызды

бастаймыз. Осы топтардың жарысына әділ бағасын беретін сіздерсіздер.

Сіздердің қолдарыңыздағы топтың түсіне қарай жасыл және қызыл түсті таяқшалармен бағалап отырасыздар. Қай түс басымырақ болса, сол топқа 1 ұпай қосылады.

Ал, енді сайысымыздың шарттарымен таныс болыңыздар.

1. Қол күрес
2. Өгіз тартыс
3. Арқан тартыс
4. Ханталапай
5. Қазақша күрес
6. Тенге алу

**1-ойын: Ұлттық ойын «Қол күрес»**

Ойынның шарты: Ортаға екі ойыншы шығып, кілемнің үстіне жамбасынан жатады. Олар бас бармақтарын айқастыра қолдарын жымдастырып ұстайды. Қолының күші көп ойыншы қарсыластың қолын жерге тигізуі керек.

**2-ойын. Ұлттық ойын «Өгіз тартыс»**

Ойынның шарты: Екі адам еңбектеп, мойындарына арқан салып тартысатын ойын

**3-ойын: Ұлттық ойын «Арқан тартыс»**

Ойынның шарты: Арқаның екі жағынан екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ өз жағына арқанды тартып алса, сол топ жеңіске жетеді.

**4-ойын: Ұлттық ойын «Ханталапай»**

Ойынның шарты: Екі топ шеңбер бойымен отырады, қай топ асықты көп жинайды, соған ұпай береді

**5-ойын: Ұлттық ойын «Қазақша күрес»**

Ойынның шарты: Қарсыласты белден жоғары ұстап құлату немесе аяқпен шалып құлату.

**6-ойын: Ұлттық ойын «Тенге алу»**

Ойынның шарты: Керілген арқаның үстімен жүріп, жерде жатқан тенгелерді жинау.

**III. Қорытынды болім**

Балаларды сапқа тұрғызу. Тыныс алу жаттығуын жасату.

**Тәрбиеші:** Құрметті әріптестер сайысымызды қорытындылай келе екі топтың ұпай санын санап, қай топтың жеңіске жеткенін анықтап, балаларды мақтап, мадақтау.

Осымен ұлттық спорттық сайысымыз аяқталды. Көріп тамашалағандарыңызға рахмет!

Ал енді балалар, апайларымызға сау болыңыздар деп, қоштасайық.

Балалар музыка әуенімен алаңдан шығып кетеді.

**Бөбекжайішлік «Ұрпақ ұлттық ойынмен шындалады» өткен спорттық  
спорттық сایыстық хаттамасы**

**Күн тәртібіндегі:**

**«Ұрпақ ұлттық ойынмен шындалады»** спорттық сайысқа жауапты:  
топ тәрбиешілері А.С.Аюрова, С.М.Бектасова.

**Мақсаты:** Балаларға қуаныш әкелу. Ұлттық, түрмис салт-дәстүр туралы әсерлерін толықтыру. Ептілікті, шапшандықты, төзімділікті дамыту. Ұжым мақсат әрекетіне бағыну дағдысын, назар ықыласын дамыту. Бір-біріне деген күрмет, женуге деген ұмтылысты дамыту. Ой-өрісін, жадын дамытып, әрекет үйлесімін жетілдіру.

**Керекті құралдар:** Арқан, асық, теңге, резина, қоржын, майда доптар.

**Сайыс 6 болімммен тұрады.**

1. «Қол күрес»
2. Өгіз тартыс
3. Арқан тартыс
4. Ханталапай
5. Арынды арқан
6. Қазақша күрес
7. Тенге алу

**Сайысқа қатысуышылар:**


Байқау қорытындысы бойынша бұлдіршіндер төмендегі номинацияларға ие болды, сыйлықтар мен мақтау қағаздармен марапатталды.

**Шешімі:**

Бөбекжайда осындар сайыстар көптең қолданылсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:

 А.М.Демесинова  
 Л.А.Темиргалиева